

Различия между группами отмечены в тесте «Челночный бег 3x10» (относительные КС), где результаты ЭГ повысились от низкого до среднего уровня, в КГ остались низкими. В тесте «Метание теннисного мяча в цель» (способность к точности движений) в ЭГ оценка выросла до высокого уровня, а в КГ не изменилась. В тесте на динамическое равновесие («Ходьба по гимнастической скамье») в ЭГ уровневая оценка повысилась от низкой до средней, что не наблюдалось в КГ. В итоговом срезе суммарная уровневая оценка развития КС в экспериментальной группе повысилась от низкой до средней, а в КГ осталась низкой.

Выводы. Таким образом, полученные в эксперименте данные динамики абсолютных среднегрупповых показателей развития двигательных способностей и их уровневой оценки у дошкольников служат доказательством эффективности предложенной нами программы на основе подвижных игр и позволяют рекомендовать ее к использованию в практике физического воспитания в условиях ДОУ.

1. Ким Т.К. *Физическое воспитание детей раннего и дошкольного возраста*. – М.: МПГУ, 2015. – 249 с.
2. Черхасов В.В., Черкасова И.И., Савиных Е.А. Комплексное развитие двигательных навыков и физических способностей у детей 6-7 лет в условиях дошкольной образовательной организации // Вестник Томского государственного университета. 2023. N 488. С. 71-81.
3. Железняк Ю.Д. Основы научно-методической деятельности в физической культуре и спорте: учебник для студ. учреждения высш. образования / Ю.Д.Железняк, П.К.Петров. – 7-е изд., стер. – М.: Издательский центр «Академия», 2014. – 288 с.
4. Типовая учебная программа дошкольного воспитания и обучения от «12» августа 2016 года. – г.Астана.
5. Лях В.И. Тесты в физическом воспитании школьников. – М.: АСТ, 1998. – 101с.

Ереже Ә. Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті дене мәдениеті және спорт факультеті, БӘДжәне ДД -31 тобы студенті
(Ғылыми жетекшілер – п.ғ.к., қауым. профессор Иманбетов А.Н., аға оқытушы Саликов Ж.К.)

ЖАСТАРДЫ ПАТРИОТТЫҚҚА ТӘРБИЕЛЕУДЕ ӘБДІСАЛАН НҰРМАХАНОВТЫҢ СПОРТТАҒЫ МҰРАСЫН ПАЙДАЛАНУ

Кеңес империясы дәуірі біткен соң еліміздің халқы ауыр әлеуметтік – экономикалық күйзелісті бастан кешті. Еліміздегі мұндай ауыр жағдайға байланысты қазақтан шыққан ұлы тұлғалардың көзқарасы әртүрлі қалыптасты. Жағдайдың былай өрбуіне ұлттық мәдениетіміз бен рухани өмірімізді тас қамауда, шынжыр қоршауда қадағалап ұстап келген кеңестік саясаттың әсері зор болды. Қызыл империя құлап қанды торының үзілуі соңғы уақыттарда елімізге өткенімізді барлап, жоғалтқанымызды түгендеуге тың серпіліс әкелді.

Сондықтан сол 90-жылдары өз ісінің шебері ұлт мақтанышы аяулы ұлдарының бірі Әбдісалам Нұрмахановтың (1936-2002 жж) рухани мұрасына нақты бағасын беріп, жастарды патриотизмге тәрбиелеу ісіне пайдалану үшін педагогикалық зерттеулер қажет деп шештік. Енді өткен тарихымызда Әбдісалам Нұрмаханов сияқты орны ойсырап тұрған тау тұлғаларға ұлттық көзқарасын жіті көз тігіп заманауи ой-толғаулар жасауға мүмкіндік туып отыр.

Зерттеу нысаны: патриоттық тәрбие беру үрдісі.

Зерттеу мақсаты: Ұлттық мұралар арқылы жастарды патриотизмге тәрбиелеу.

Зерттеу міндеттері:

1. Ә. Нұрмахановтың мұрасының ерекшеліктері зерделеу;
2. Бокс өнері арқылы жастарды патриотизмге тәрбиелеудің бағыттарына талдау жасау.

Қоғамдық ахуалдан, қалыптасқан дүниетанымнан көрнекті тұлға талай мықтылардың тұмағасын сыпырған бапкер-педагог Әбдісалам Нұрмахановтың есімі шындыққа жүгіне сөйлесек, қазақ халқына күні бүгінге өте жақын таныс бола алмай келе жатқаны анық. Жекелеген жазушыларымыз бен спорт журналистеріміз, зерттеушілеріміз болмаса, қалың көпшілік оның өмірбаянын ғана біліп, басқа қырынан толық танып білді деу әлі ертерек.

Токсаныншы жылдардың аяғындағы Әбдісалам Нұрмахановтың бокс спортында пайдаланған тақиясына орай, ұсынған бағыт бағдарына сай қазіргі жаңарған уақытта жаңаша қарастылуы зерттелуі тиіс. Жұмысты тереңдете мазмұндап, құнды ғылыми деректермен дәлелдеуде республикамызға белгілі ғалымдар мен спорт қайраткерлері Т.Ш. Қуанышев [1], Л.К.Керимов [2] т.б. естеліктері мен зерттеу еңбектері басшылыққа алынды.

Сондықтан Әбдісалам Нұрмахановтың мұрасындағы рухани құндылықтар туралы ой-пікірлер жасөспірімдер мен жастарды тәрбиелеуде кеңінен пайдаланылуы керек дегенді меңзейді. Міне біздің зерттеу жұмысымыздың өзектілігі сонда деп білеміз. Алайда, жастарды патриотизмге тәрбиелеуде Әбдісалам Нұрмахановтың рухани мұрасына деген қажеттілік артуда. Мұның өзі, біріншіден, жастарды

тарихи-әлеуметтік құндылықтар арқылы тәрбиелеуді қоғамдық тұрғыдан қажет етсе, екіншіден, бүгінгі күні Әбдісәлан Нұрмахановтың мұрасын жастарды патриотизмге тәрбиелеу саласындағы пайдалану мәселелерін зерттеу деңгейінің жеткіліксіздігі айқын сезіледі.


Бұл мәселе педагогика саласындағы ғалымдардың назарынан тыс қалып отырған мәселе. Зерттеу материалдары мен әдістері : философиялық таным теориясы, жеке тұлғаның іс-әрекет негізінде даму теориясы, біртұтас педагогикалық үрдіс теориясы, халық педагогикасының мұраларына байланысты ғылыми қағидалар.

Әбдісәлан Нұрмахановтың ата-бабалары Дала сарыарқасынан шыққан. Олар ауқатты болды, әдептіліктің тектілігімен ерекшеленді, басқалардың құрметіне ие болды. Революциялық жылдары, ал азаматтық соғыс кезеңінде қазақтар қандай қиыншылықтарды, қатыгез қысымшылықтарды, қуғын-сүргінді бастан өткеруге мәжбүр болған еді.

Осы қиындықтардан қорғануға тырысып, Нұрмахановтың отбасы Бетпақдала мен Қызылқұм құмдары арқылы Өзбекстанға қоныс аударды. Оларға осындай қиын және қауіпті жолда көптеген қандай қиындықтар туындады. Жолда кішкентай балалары қайтыс болды, әке жүрегі үмітсіздікке ұшырады. Ақыры көш 1936 жылы Әбдісәлан дүниеге келген Сухандарин өлкесіндегі Құлтөбе ауылына тоқталды.

Бокс спорты жастар арасында, әсіресе Қазақ жастары арасында ерекше құрметке ие. Осы жағдайлар, жастардың дене тәрбиесі оқу үрдісінде Әбдісәлан Нұрмаханов мұрасындағы бокс спортының айла-тәсілдерінің түрлерін пайдаланудың ғылыми-әдістемесін дәлелдеу қажеттілігін туғызады. Біз жастарды бокс спортына тәрбиелеуде Әбдісәлан Нұрмаханов мұрасын терең әрі жан-жақты зерттей отырып педагогикалық ғылымдар жинақтаған білімдерді барынша енгізу жайында мүмкін екендігін зерделейміз.

Ғылыми зерттеулерге жасалған талдаулар көрсеткендей, жастарды бокс өнеріне тәрбиелеуде Әбдісәлан Нұрмаханов мұрасын теориялық жағынан қарастыру қайта туып отырған ұлттық мәдениеттің, атап айтқанда, бокс спортының өскелең ұрпақтың қажеттіліктерін қамтамасыз етуге көмектеседі. Бокс спорты туралы жазылған зерттеулердің басым бөлігі дене шынықтыру мен әдіс-тәсілдердің технологиясын жазып шығумен шектеліп жүрген бірыңғай сипаттағы нақ рухани мұралар туралы зерттеулер бірен саран.



1 сурет – Әбдісәлан Нұрмахановтың мұрасының ерекшеліктері

Бүгінгі таңда егеменді еліміздің іргелі ертеңгі болашағын ұлттық рухта қаруландыра отырып, халық қазынасын кеңінен қолданып, жас ұрпақты әлем өркениетіне лайық тұрғыда жоғары дәрежеде қалыптастыру баршамыздың алдында тұрған үлкен мақсат, өзекті мәселе екендігі белгілі [3].

Елімізде қолға алынған «Мәдени мұра» бағдарламасы өткен тарихи тұлғалардың бірі Әбдісәлан Нұрмахановтың өмірі мен өнерін және ондағы рухани құндылықтарды қазіргі тәрбие ісіне кеңінен пайдалануға қолайлы жағдай туғызуда. Әсіресе дәстүрлі бокс өнерінің өрісінің кеңеюіне байланысты бүгінгі ұрпақ тәрбиесіне қажеттілігі артуда. Мұның себебі жоғарда аталған көптеген зерттеушілеріміз өткен дәуірдегі материалдардан педагогикалық құралдар мен формаларды іздестірумен ғана шектеліп жүр. Біздің зерттеулерімізде Қазақ халқының бір туар ұлдарының бірі Әбдісәлан Нұрмаханов мұрасы жөніндегі тарихи-педагогикалық материалдарды жинақтай отырып, зерттеу процесінде қоғамымыздың алдында тұрған жастарға бокс өнеріндегі мұраның өзекті мәселелерін анықтауға талпыныс жасадық. Еліміздің тәуелсіздік алған жылдан патриоттық тәрбиеге ерекше мемлекеттік пән ретінде, көптеген саяси-әлеуметтік қиыншылықтарды жеңе отырып мемлекеттік пән аясында қалыптасып келеді. Оған себеп: бұрынғы Кеңестер Одағы кезінен жинақталған мол тәжірибелік қор. Бірен-саран тақырыптар идеологиялық тұрғыдан мәнін жоғалтқаны

болмаса әдістемелік нұсқаулар жетерлік. Ал саяси мәні жоғалған тақырыптар бағдарламадан алынып тасталынған. Тек осы әдістемелердің қазақ тіліне баламалануы уақыт еншісінде. Мұның бәрі, әрине, бастапқы әскери дайындық пәнінің ерекше мемлекеттік статусында, әскери қатаң тәртіптің арқасында деп түсінген жөн.

Жастарға әскери-патриоттық тәрбие беру дегеніміз - оларды саяси моральдық-психологиялық жағынан егемен елін қорғауға дайындау. Бұл дайындықтың негізгі бағыттары:

- еліміздегі Қарулы Күштерге деген қамқорлық, «Әскери қызмет және әскери міндет» туралы, еліміздің қорғаныс қабілеті туралы т.б. заңдар мен қаулы - қаралардың мазмұны мен мақсатын түсіндіру;
- жастарды саяси қырағылыққа, қазіргі кезеңдегі соғыстың ерекшеліктерін түсіндіре отырып олардың Отанын қорғау ісіндегі міндеттерін дұрыс түсіндіруге тәрбиелеу;
- аға ұрпақ өкілдерінің ерлік істерін насихаттау, ерлік пен жанқиярлықтың мәнін түсіндіріп, олардан үлгі алып, мақтан тұтынуға баулу;
- қазіргі кезеңге лайықты саяси-моральдық, психологиялық қасиеттерді дарыту;
- алғашқы әскери және әскери - техникалық білім алуды қамтамасыз ету;
- әскери патриоттық тәрбиені жалпы оқу-тәрбие жұмысының негізгі бөлімі деп қарастырып, оны басқа да тәрбие жұмыстарының түрлерімен тығыз байланыста жүргізу;
- патриоттық тәрбиені студенттердің білімі мен іс-тәжірибесіне, жеке қасиеттері мен ұлттық ерекшеліктерін ескере отырып, әр түрлі әдістерді пайдаланып түрлендіре жүргізу;
- патриоттық тәрбиені саяси, адамгершілік, еңбексүйгіштік, эстетикалық және дене тәрбиесімен ұштастыра жүргізу;
- патриоттық тәрбиеде студенттердің бастамалық, т.б. ұсыныс талап тілектеріне көңіл бөліп ескеру қажет.

Жастардың патриоттылығын дамыту процесінің күрделілігі мен өзіне тән ерекшеліктері бар екендігіне байланысты, оларды педагогикалық процестің алғашқы күндерінен бастап өзіндік жұмыстарына қатыстыру қажеттігі туындайды. Бұл тұрғыда әртүрлі кездесулер мен батыр аталар мен аналардың өмір жолын дәріптеу, ардагерлер мен соғыс мүгедектеріне ұдайы қамқорлық жасау, әртүрлі патриоттық тақырыптарға байқаулар өткізумен спорттық бағыттағы ойындар мен жарыстардың маңызы ерекше зор. Қазақ халқының сан ғасырлық тарихында жастарды адамгершілік, еңбекқорлыққа тәрбиелеу мен қатар дене дайындығы жоғары маңызға ие және дене сапаларын дамытып жетілуіне дәстүрлі ұлттық ойындар шешуші міндет атқарған. Ондай ойындардың қатарына: ат спорт ойындары мен қатар жаяу жарыс, жаяу аударыспак, кол күрестіру, кірдің тасын сығымдау және дәстүрлі ұлттық күрес өнерін айрықша атап айтуға болады. Ұлттық ойындар ұрпақ тәрбиелеуде тигізетін пайдасын халқымыз ертеден-ақ білген. Ұлттық ойындар жүгіріп, күш сынасып ойналатын болғандықтан, өкпенің жұмыс қабілеттілігін арттырып, дененің барлық мүшесін шынықтырып жас ағзаның дұрыс шынығуын, сұлу мүсінді, сымбатты тұлға болып өсуін реттейді [4].

Біздің зерттеу - тәжірибемізге жастарды алудағы басты сабеп осы жаста оларға бокстың негізгі әдістерінің техникасына үйретіп машықтандырады. Бұл өз кезегінде жастарда төзімділік, ептілік, жылдамдық, иілгіштік, күштілік сапалармен қатар еңбекқорлықты, ынта – жігерді, ықыласты, қызығушылықты, ерік күшті, адамгершілікті, сыйластықты тағы басқада көптеген қасиеттерді талап етеді.

Жоғарыда келтірген теориялық қағидалар мен іс-тәжірибе жұмысының нәтижелерін пайдалануға төмендегідей ұсыныстар беруге негіз болды:

- Жастарды оқыту-тәрбиелеу жұмыстарына пайдалану үшін Әбдісалан Нұрмаханов туралы қысқа метражды оқу-фильмдер түсіре тиімді болар еді;
- Дене тәрбиесі теориясы мен практикасы ұлттық ғылыми орталығы жанынан Әбдісалан Нұрмаханов атындағы бөлім ашу, онда әуесқой бокс сырларын ғылыми тұрғыда зерттеу мен Әбдісалан Нұрмаханов мұрасына қатысты зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру мен басқаруды үйлестіруді үйлестіріп отырса болар еді;

Біз зерттеуде алдыға қойған мақсатты орындадық, бірақ бұл зерттеуімізде Әбдісалан Нұрмаханов мұрасына байланысты барлық мәселелерді толық қамтыдық дей алмаймыз.

Өйткені Әбдісалан Нұрмаханов мұрасын төмендегідей бағыттарда зерттеулер жүргізу болашақ ғалымдардың еншісінде дегіміз келеді.

Мысалы, Қазақстанда бокс спортын дамытуда Әбдісалан Нұрмаханов мұрасын қолдану; Әбдісалан Нұрмахановтың қоғамдық-саяси көзқарасы; салауатты өмір салтын қалыптастыруда Әбдісалан Нұрмаханов мұрасының орны; жастарды патриотизмге тәрбиелеуде Әбдісалан Нұрмаханов мұрасының ролі; дене тәрбиесі сабағын ұйымдастыруда Әбдісалан Нұрмаханов мұрасының тиімділігін анықтау сияқты тағы басқа мәселелерге арналған ғылыми-педагогикалық зерттеулерді жүргізуге болады деген ойдамыз.

1. Куанышев Т. Ш. Дене тәрбиесінің теориялық және әдістемелік негіздері. //Алматы: 1997. -260 б.
2. Керимов Л.К. Тәрбие жұмысының мазмұны және тәрбие жұмысының міндеттері. (әдістемелік көмекші құрал). //Алматы: 1991. - 27 б.
3. Иманбетов А.Н. Қазақ этнопедагогикасының негізінде студенттерге патриоттық тәрбие беру. Автореферат ... пед. ғыл. канд.: 13.00.01.- Қарағанды.: ҚарМУ баспасы, - 2007, -Б.27.
4. Бөжиг.Ж. Ұлттық ойындардың қалыптасып дамуы //Еуразиялық гуманитарлық институты хабаршысы. - Астана 2005. – Б.82-85.